



Жалағаш

Жаршысы



№57 (9944)

22 шілде

сенбі

2023 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауыл тынысы



Бақша өнімдеріне арнайы базар ашылды

Жыл сайын қауын-қарбызын кентке әкелетін Жаңадария жұрты үшін «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізінің бойынан жаңа базар ашылды. Енді жаңадариялықтар бақша өнімдерін арнайы орында сататын болады. «Қос тойың қабат болсын» демекші, ауылда жасалып жатқан жарқын жобалардың қатарын толықтырған бұл игі іс шалғайдағы халықтың қуанышын еселей түсті.

Бұған дейін ауылдағы ағайынның айтарына құлақ салған аудан әкімі Асқарбек Есжанов мәселенің оң шешімін тапты. Халықпен кездесуінде «Осыған дейін сіздер «Алажаздай баптаған бақша өнімдерін сатуға үлкен жолдың бойынан орын берілсе» деген ұсыныс тастадыңыздар. Сол жерге біз сіздерге арнайы шағын базар салып береміз. Жаңадария жұрты сонда барып, емін-еркін саудасын жасайды» деген еді.

Ұсыныс айтылды, аудан әкімі назарға алды. Айтылған сөз сол жерде қалмады, оң нәтижесін берді. Сөз жүзінде емес, іс жүзінде орындалған жұмыстың жүйесіне күе болып отырмыз. Халық тарапынан көтерілген мәселелердің ешқайсысы да аяқсыз қалған емес. Бізді қуантатыны да сол, бұған дейінгі көтерілген мәселелердің барлығының шешімін тапқаны, сондықтан алдағы уақытта да игі істер жалғасын табатынына еш күмән жоқ. Осылай елдің ортасында жүріп, көптің мәселесін шешуге кіріскен азаматтар барда аудан дамып, ауылымыз көркейетініне сенім мол.

Жалпы, Жаңадария жұрты жыл сайын егін шаруашылығын қолға алып, табиғи, таза өнімін ұсынып келеді. Биыл да ауыл халқы 200 гектарға жуық жер ашып, бақша өнімдерін баптап, керемет жұмыстар жүргізіп жатыр. Ауылда тек ауданға ғана емес, облысқа үлгі ететіндей жұмыстар бар. Тіпті ел арасында «Жаңадарияның қауын-қарбызына жетпейді» дегенді де естіп жүрміз. Енді алдағы уақытта базар маңына су ұңғымасы қазылып, күннен қуат алатын жарық шамдар орнатылатын болады. Ал ауылдағы ағайынның жаз бойы жиған еңбегін, сапалы, табиғи өнімін енді күрежолдың бойынан өткен халық тұтынатын болады.

Айта кетейік, жақында аудан орталығында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеге Жалағаш кенті мен ауылдық округтерден 5 тонна қауын, 5 тонна қарбыз, 10 тонна картоп, 1,5 тонна қырыққабат, 2 тонна сәбіз, 10 тонна жуа, 1200 тонна жоңышқа және 1950 тонна қамыс пресс өкелінді. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің ішінде жоңышқа және шөп пресске қыстың қамын жазда ойлаған аудан тұрғындарының сұранысы жоғары болды.

Ауданда 500 гектар жер дайындалып, 500 гектар жерге 921 отбасы 217,3 гектар картоп, 63 гектар көкөніс, 219,7 гектар бақша дақылдарын орналастырған болатын. Сол күнгі ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесіне Жаңадария ауылының тұрғыны Фальмижан Құрақбаев «Иген-Бай» учаскесіне 3 гектар жерге екен алғашқы қарбызын әкелген болатын. Ауданның тұс-тұсынан жаңадариялық өнімді іздеп келгендердің саны көп болды. Бұл таза өнімге халықтың сұранысы жоғары екенін білдіреді. Ал аудан халқына ұсынылған өнімдер бағасы арзан болғанымен, сапасы сын көтереді. Өйткені сапалы өнім ешқашан сұраныстан түспейді. Баға тұрақтылығын сақтауда ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі алдағы уақытта да жалғасады.

Нұржамала АЛМАСҚЫЗЫ

Бәрекеді!

Техникалық базасы жаңарды

ЖАЗ АЙЫНЫҢ БАСЫНДА АБАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ СЕМЕЙ ОРМАНЫНДА ТҰТАНҒАН ӨРТ БАҚЫЛАУДАН ШЫҒЫП, 15 АДАМНЫҢ ӨМІРІ ҚИЫЛҒАН БОЛАТЫН. ЕЛДІ ЕСЕҢГІРЕТКЕН ТІЛСІЗ ЖАУ ҚИЫНДЫҚПЕН ТҰСАУЛАНҒАНЫ БЕЛГІЛІ. ӨРТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЙҒЫЛЫ ЗАРДАБЫ ЖАЙЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДА ҒАНА ЕМЕС, ОДАН ДА ТЕРЕҢДЕ ЖАТҚАНЫН ТАҒЫ БІР АЙҚЫНДАП БЕРДІ. ЖАСЫРАТЫНЫ ЖОҚ, БЫЛТЫРҒЫ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ӨРТТЕН САБАҚ АЛМАҒАНЫМЫЗ КӨРІНДІ. ЖЕМҚОРЛЫҚ, САЛҒЫРТТЫҚ, СӘЙКЕСІНШЕ ТЕХНИКА ЖОҚ, ЖАЛАҚЫ АЗ, МАМАН ЖЕТКІЛКІСІЗ, ОСЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ ӨРТТІҢ ӨРБУИНЕ СЕБЕП БОЛДЫ.



Кең байтақ еліміздің аумағы үлкен болғанымен, Қазақстанның орман қоры шектеулі. Сондықтан аз ғана орман қорын сақтау мемлекет үшін аса маңызды міндет, азаматтық парыз болып табылады. Еліміздің мемлекеттік орман қорының жалпы көлемі 29,8 миллион гектар болса, Жалағаш орман қорының аумағы 769 482 гектарды құрайды.

Иә, табиғатты аялау, оны ұрпақтан ұрпаққа аманат ету – баршамыздың парызымыз. Осы орайда еліміздің экологиялық жағдайын жақсартуда орман шаруашылығының қызметі ерекше екенін білеміз. Бүгінде осы салаға аймақ басшысы тарапынан айрықша көңіл бөлініп отыр. Оның бір дәлелді айғағы кеше аудандық орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесінің орманын инспекторларына облыстық бюджеттен 95 млн теңге қаражат бөлініп, 1 дана Урал өрт сөндіру автокөлігі, 10 дана арнайы қызметтік мотоциклдің кілті табысталды.

Кешегі өткен игі шарада өңіріміздің табиғатын сауықтыру, орманды сақтау, қорғау мен толықтыру жолында аянбай еңбек етіп жүрген орманшыларымызды

аудан әкімі Асқарбек Есжанов арнайы құттықтады.

– Халқымызда «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген даналық сөз бар. Орман – біздің баға жетпес байлығымыз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі тал егу, орманды алқаптарды ұлғайту ісіне тікелей назар аударып отыр. Бұл орайда «Жалағаш ауданының орман және жануарлар дүниесін қорғау» мемлекеттік мекемесінде еңбек ететін 70-ке жуық білікті де жауапты мамандар аса маңызды жұмысты адал атқарып жүргені сөзсіз. Сіздер қыстың қақаған аязы мен бұрқаған боранында, жаздың аптап ыстығында табиғаттың осынау керемет сыйын көздің қарашығындай қорғайсыздар. 769 мың гектардан астам алқапты табиғи және адам қолымен жасалатын апаттардан аман сақтауда ерінбей еңбек етіп келесіздер, – деді аудан әкімі.

Айта кетейік, аталған мекеменің штаттық кестесі бойынша бүгінде 65 адам жұмыс атқарады. Мекеме қызметкерлерінің барлығы арнайы оқу орындарын бітіріп, мамандандырылған. Мекеменің материалды-техникалық база-

сында 1 Нива, 2 Уаз автокөлігі, 5 трактор, 2 өрт сөндіру автомашинасы, 1 жылжымалы тұрғын вагон, 2 мініс ат және басқа да ағаш егу, өрт сөндіру, жер жырту секілді түрлі жұмыстарға арналған техникалар, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

– Өкінішке қарай, ауданымыздың табиғаты орман өртіне бейім. Шыны керек, тілсіз жаумен күрескеннен оның алдын алған абзалырақ. Тұрғындар соны түсінуі керек. Барлық тұрғындарға айтқымыз келетіні, табиғатты аялау, сақтаңыз. Бетін аулақ етсін, дегенмен өрт бола қалса, біз тілсіз жаумен күресуге сақандай саймыз. Оған негіз де бар, көріп тұрғандарыңыздай, мемлекет барлық жағдайды жасауда, тек қызметімізді адал кәсіби атқарсақ болды. Арнайы құттықтап, бізді жігерлендіріп жатқан аудан басшысына алғысымыз шексіз, – дейді орманшының көмекшісі Нұрлыбек Тұрғанбаев.

Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесінің басшысы Нұртай Жонтаевтың айтуынша, аудан көлеміндегі орман-тоғайларда және шаруашылықтардың орманды алқаптарында өрт қаупі бар кезеңдерде өрттің

алдын алу, оны дер кезінде анықтау жұмыстарына байланысты аудан әкімімен іс-шара бекітілген. Іс-шара жоспарына сәйкес, осы жылы аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, Ақсу елді мекені және ерікті өрт сөндірушілердің қатысуымен 2 рет орман қоры жерлеріне өрт-тактикалық жаттығу өткізілген.

Ауылдық округтер бойынша орманды өрттен қорғау, заңсыз ағаш-бұталарды кеспей, өз бетінше орман қорына иелік етпей, өрт қаупісіздігін сақтау тақырыптарында өскертпе хаттар таратылып, елді мекендердегі тұрғындарға, мектеп оқушыларына лекциялар оқылған.

Сонымен қатар орманда өрт қаупісіздігін сақтау тақырыбында жергілікті тұрғындарға 100 дана үгіт-насихат парақшасы таратылып, орман қоры жерлеріне өрт туралы 3 билборд және 12 дана аңшағар орнатылған. Сырдария өзенінің бойындағы өрт бақылау мұнарасына күнделікті кезекшілік ұйымдастырылып, қатаң бақылауға алынған.

Жандос ЖАЗКЕН

Өңір өнімі



Кәсіптің көзін тапқан келіншек

КӘСІПКЕ БЕЙІМДЕЛУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ. СЕБЕБИ НАРЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ ТЫҢ ІСТІ ҚОЛҒА АЛЫП, ЖҰМЫСЫН ДӨҢГЕЛЕНТКЕННІҢ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСЫ БОЛМАҚ. БҰҒАН ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ КӨЗІ ЖЕТКЕН. ОСЫ КҮНІ ҚАТАРЛАСТАРЫМЕН БІРГЕ ТАЛПЫНЫП, ӨЗ ІСІН БАСТАУҒА НИЕТТІЛЕР ҚАТАРЫ КӨП. БІР ЖАҚСЫСЫ, ҚАЗІР ЕҢБЕКТЕНГЕН АДАМҒА МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН БЕРІЛЕТІН МҮМКІНДІК ТЕ, ҚОЛДАУ ДА БАР. МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ – БҰЛ ЖАҢА БИЗНЕСТІ БАСТАУ ЖӘНЕ ДАМУҒА ҮШІН ҚАЙТАРЫМСЫЗ НЕГІЗДЕ БЕРІЛЕТІН БАСТАПҚЫ КӨМЕК.

Мемлекеттік бағдарламаның көмегімен өзінің шағын кәсібін бастап, ісімен көпке үлгі боларлықтай пысық келіншектің бірі – Жаңаталап ауылының тұрғыны Әйгерім Шыныбек.

– Ниет болса, қазір мемлекет тарапынан қолдау көп. Оған көзім жетті. Аудандық жұмыспен қамту орталығының қызметкерлері қайтарымсыз гранттың мүмкіндіктері туралы түсіндіргенін көсіпкерлік негіздерін оқып алдым. Кондитер өнімдерін жасағанды қатты ұнатамын. Бала күнімнен анамның қасында жүріп, тәттілер пісіруге әуес болдым. Теледидар мен журналдардан түрлі рецептерді алып,

үйде дайындап жүрдім. Бірде неге өзім білетін істі кәсіпке айналдырмақпа деген ой келді. Содан жолдасыммен ата-әнеммен ақылдастым. Олар менің бұл ойымды қолдап, курсты оқып алып, құжаттарымды ресімдеуге жәрдемдесті, – дейді Әйгерім.

Міне, осылайша кейіпкеріміздің сүйікті ісіне айналған тәттілері бизнесінің бастауы болған. Қазіргі таңда ауыл тұрғындары Әйгерімнің қолынан шыққан торттарды, бөліштер мен тәтті тоқаштарды тойға, мерекелік дастарханнарына қою үшін тапсырыс береді. Әзірге жас кондитер үйінің бір бөлмесін кішігірім цехқа айналдырып отыр. Мемлекеттен жеңіл-

алған қайтарымсыз грантқа пеш, миксер, тоназатықш, блендр сияқты қажетті техникаларын сатып алған.

Бүгінде Әйгерімнің әзірлеген тәтті бөліктері мен торттары ауылдағы шай дастарханның сәніне айналып үлгерген. Жас кондитердің бір торты салмағы мен көлеміне қарай 3500 теңгеден 7000 теңгеге дейін бағаланады. «Вули-пай», «Қызыл барқыт», «Наполеон», «Сутті қыз» сияқты торттардың түр-түрі бар. Тұтынушы тапсырысына қарай, печенье, бөліш, самса, тәтті бөліктердің сан түрін, тіпті түркітің пахлаvasына дейін пісіреді. Жалпы, Әйгерім шай дастарханна қә-

жетті ұннан жасалған тәттілердің бәрін жасай алады. Жас кәсіпкер алдағы уақытта кәсібіннің ауқымын кеңейткісі келетінін жеткізді. Ол үшін мемлекеттен жеңілдетілген несиелер алуға да дайын.

– Менің арманым – үлкен кондитер цехын ашып, кәсіпімді кеңейту. Маған сенім артып, қолдап отырған отбасым алғысым шексіз.

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» демекші, жастар алдына қандай да бір мақсат қойып, соған бар ынтасымен ниет етіп кіріссе, бәрі өз ретімен болады дейді, – жас кәсіпкер.

Келіндік қызметімен қоса тәтті пісіруге уақытын тауып, бизнесін жүргізіп отырған жас кондитердің алға қойған мақсаты айқын, қадамы нық. Кәсіптің көзін тауып, берекелі тұрмыс кешіп отырған осындай іскер жастар – мемлекетіміздің өркендеуінің кепілі. Кейіпкеріміз – кәсіпкер әйел, асыл жар, бақытты ана екенін өз ісімен дәлелдеп жүрген жан.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

БАСПАСӨЗ – 2023

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу өлі де жалғасады. Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбеңіз.

Сұхбат

ӨНІР БАСШЫСЫ АСҚАРБЕК ЕСЖАНОВ АУДАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛЫН, ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН JAҚCАРТУДЫ БАСТЫ НАЗАРДА ҰСТАЙТЫНЫ БЕЛГІЛІ. СЕБЕБІ ӨНІРІМІЗДІҢ ҚАЙНАҒАН ТІРШІЛІГІНДЕ ТҮРҒЫНДАРДЫҢ ЖАРЫҒЫ СӨНІП, СУЫ ТОҚТАП, ЖОЛЫ ЖӨНДЕЛМЕСЕ, ТАҒЫ БОЛМАЙДЫ. АУДАНДА СОҒҒЫ ЖЫЛДАРЫ БІРҚАТАР ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП, ОНЫҢ БІРНЕШЕУІ ӨНІР ХАЛҚЫНА ТАБЫСТАЛЫП ТА ҮЛГЕРДІ. СОНЫҢ БІРІ ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ СОҒҒЫ ЖЫЛДАРЫ ӨСІРЕСЕ АУЫЛДАРДА ҚАРҚЫН АЛЫП, САПАСЫ СЫН КӨТЕРМЕЙТІН БІРҚАТАР КӨШЕЛЕР ОЙ-ШҰҚЫРДАН АРЫЛДЫ. АЛДАҒЫ УАҚИТТА ТАҒЫ ҚАНДАЙ КӨШЕЛЕР САПАСЫНА МӘН БЕРІЛЕДІ? ОСЫ САУАЛДЫҢ ТҮЙІНІН ТАРҚАТУ ҮШІН АУДАНЫҚ ТҮРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ ҒАБИТ ЕРБОЛҰЛЫМЕН СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК.



Дәстүрлі әннің дарабозы

Сыр өңірі – ғасырдан-ғасырға атадан балаға мирас болып келе жатқан жыраулық өнердің дәулеті қонған киелі топырақ. Заманында небір даңғайыр жыраулар өмір сүрген. Қазақ – жаратылысынан қашанда өнерге өте жақын халық. Өз заманында талай сал-сері, күміс көмей әнші, жыр жампозы, жыршыларды туғызған халықтың бүгінгі ұрпағы да бұл салаға келгенде қара жаяу емес. Қазіргі таңда дәстүрлі әнді дәріптеп, халық арасында насихаттап, өткен мен бүгінді жалғап, оны жастар санасында жаңғыртқан өнер жанашырларының бірі – республика белгілі жырау, жыршы, термеші Жұмабек Аққұлов.



Жалағаш ауданы: Жол құрылысы қарқын алды

– Тұрғын үй-коммуналдық саланың көкжиегі кеңеюде. Халық саны өскен сайын, ауданға көгілдір отын тарту, су ұңғымаларын қазу секілді жұмыстар қарқын алуда. Өңірде аталған сала бойынша тағы қандай жобалар жүзеге асырылуда?

– Иә, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы – ел экономикасының дамуына әсер ететін әлеуметтік маңызды сала. Газдандыру жұмыстарына тоқталсам, биыл аудан бойынша 4 жобаға 65,5 млн теңге қаралды. Бүгінде аудан орталығы толықтай көгілдір отынмен қамтамасыз етілді деуге болады. Биыл кенттегі бір-қатар мекемелерге газдандыру жұмыстары жүреді. Мәселен аудандағы «Наркескен» спорт клубының жылу жүйесі газге ауыстырылады. Жоба құны – 16 млн теңге. Биыл Ұлттық қордан 14,4 млн теңге бөлінді, мердігер мекеме анықталды, ол – «КомпанияГАЗСтрой» ЖШС.

Қазіргі таңда құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастауға облыстық қадағалау басқармасынан рұқсат алынуда. Сондай-ақ аудандық кітапхананың қазандығын газге ауыстыру жұмыстары бар. Жоба құны 12,3 млн теңгені құрайды. Ұлттық қордан 11,1 млн теңге бөлінді. Мердігер мекеме «КомпанияГАЗСтрой» ЖШС болып анықталды. Бүгінгі күнге дейін қазандықтың ішкі жөндеу жұмыстары, яғни қабырғасын сылау, эмальсыялау, еденнің кафельдеу толық аяқталды, жылу жүйесінің ескі құбырлары мен задвижкалары ауыстырылды, жаңадан 1 газ пеші моржасымен орнатылды. ШРП орнатылып, темір қоршаумен қоршалды. Қалып тұрған жұмысы – орташа қысымды жерасты газ құбырын тарту, пештің горелкасын орнату, қазылған жерлердің асфальт жабындысын қалпына келтіру.

Техникалық су ұңғымаларын бұрғылау жұмыстары бойынша айтып өтсем, қазіргі таңда Қаракеткен ауылына 2 дана және Жаңаталап ауылына 3 дана техникалық су ұңғымаларын бұрғылау жұмыстарына облыстық бюджеттен 82,6 млн теңге қаржы бөлінді. Қаракеткен елді мекені бойынша мердігер мекемелер «Энергиянұр» ЖШС, «Табабер» ЖШС болып анықталды, келісім-шарттар құны 21,3 млн теңгені құрайды.

Бүгінде бұрғылау жұмыстары жүргізілуде. Осы жылдың 1 шілдесіне жұмыстың 7,1 млн теңге немесе 33,3 пайызы игерілді. Жаңаталап елді мекенінде 3 дана техникалық су ұңғымаларын қазу бойынша мердігер мекемелер – «Энергиянұр» ЖШС, «Табабер» ЖШС, келісім-шарттар құны 31,9 млн теңгені құрайды. Мұнда да бұрғылау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Осы жылдың 1 шілдесіне дейін игерілгені – 21,3 млн теңге немесе 66,7 пайызы.

– Аудан орталығынан бөлек, ауылдық елді мекен тұрғындары да көгілдір отынға қолы жеткізеді деген жағымды жаңалықты естіп жатырмыз. Осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталсаңыз...

– Иә, аудан орталығынан бөлек 2 ауылға көгілдір отын тартылады. Соның бірі – М.Шәменов елді мекенін газдандыру, жоба құны 684,1 млн теңгені құрайды. 2023 жылға облыстық бюджеттен 20 млн теңге бөлінді. Нысан өтпелі. Мердігер мекеме – «АЭС and Limited» ЖШС, авторлық қадағалаушы «Жамбылгазгазпроект» ЖШС болды. Техникалық қадағалау қызметіне МСА қорытындысымен «Нұрай сервис» ЖШС анықталды. Алайда осы жылдың шілдесіне соңына дейін шағымдану мерзімі бар. Бүгінде жобаны толық аяқтауға 629,2 млн теңге қаржы жеткізіледі.

Келесі Ақсу елді мекенін газдандыру жұмыстары, жоба құны – 545,2 млн теңге. 2023 жылға облыстық бюджеттен



20 млн теңге қаржы қаралды. Нысан өтпелі. Мердігер мекеме – «АЭС and Limited» ЖШС, келісім-шарт құны – 19,1 млн теңге. Авторлық қадағалаушы «Прикаспийское управление строительства – Шымкент» ЖШС. Техникалық қадағалау қызметіне МСА қорытындысымен «Нұрай сервис» ЖШС анықталып тұр. Алайда осы жылдың тамызы айына дейін шағымдану мерзімі бар. Ал жобаны толық аяқтауға 497,4 млн теңге қаржы жеткізіледі.

– Соңғы бір жылда Жалағашта жол құрылысының қарқын алағанын жақсы білеміз. Жалпы, аудан бойынша биыл қанша маңызды автомобиль жолдары асфальтталды?

– Биыл 2,3 шақырымды құрайтын Ақсу ауылына кіреберіс аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстары басталды. Жалпы, жоба құны 76,6 млн теңгені құрайды. Бүгінде облыстық бюджеттен қаржы толық қаралды. Мердігер мекеме «ТрансСервис» ЖШС болып анықталды. Қазіргі таңда асфальтталу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар Есет батыр-Жаңадария бағытындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстары бар. Жол 17,1 шақырымды құрайды, жоба құны – 392 млн теңге, мердігер мекеме – «Ақтоған» ЖШС. Қазіргі таңда асфальт тәсеу жұмыстары толығымен аяқталды. Қалып тұрған жұмыстары жол белгілерін орнату, темір бетон сигналды тіректерді орнату, жолды бөлетін жолақтар сызу және тағы басқа. Осы жылдың 24 сәуірінен бастап жұмыстарды аяқтауға 60,3 млн теңге жетіспеуіне байланысты жұмыстар тоқтап тұр. 2023 жылдың 1 шілдесіне игерілгені 301,4 млн теңге немесе 83,5 пайызы.

Келесі жоба – 20,6 шақырымды құрайтын Жаңаталап-Аққыр аудандық маңызы бар автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмыстары. Жалпы, жоба құны – 664,8 млн теңге. Қазіргі таңда облыстық бюджеттен толығымен қаржы қаралды. Мердігер мекеме – «Қызылорда жолдары» ЖШС. Бүгінде жолдың асфальт тәсеу жұмыстары толығымен аяқталды. Жол жиегін нығайту, жол белгілерін орнату жұмыстары жүргізілуде. 2023 жылдың 1 шілдесіне игерілгені 579,9 млн теңге немесе 92,1 пайызы. Тамыз айына дейін жұмыстарды толығымен аяқтап, пайдалануға беру жоспарланған.

– Кент және ауылдық округтердің ішкі көшелері бойынша қандай жобалар жүзеге асырылуда? Нақты қай аумақта, қай көшелер?

– Аудан тарихында болмаған бір мезетте кенттің 10 көшесі, яғни И.Панфилов, І.Нұркенов, Мысық би, Теміржол, Қ.Нұрпейісов, Желтоқсан, З.Ижанов,

Бектібаев, Жеңістің 50 жылдығы, Әб-жалиев көшелері күрделі жөндеуден өтуде. Жалпы, жоба құны – 789,9 млн теңге, ұзындығы 10,7 шақырымды құрайды. Мердігер мекеме «Қызылорда жолдары» ЖШС болып анықталды. Қазіргі таңда Желтоқсан, Қазбеков, Нұркенов, Бектібаев көшелеріне асфальт толығымен төселді. Қалған көшелерге құмаралас тас төселіп, асфальт тәсеуге дайындалуда. 2023 жылдың 1 шілдесіне игерілгені 416,5 млн теңге немесе 57,9 пайызы.

Аудан орталығындағы М.Шәменов көшесін күрделі жөндеу жұмыстары да қарқынды жүреді. Қазіргі таңда асфальт тәсеу жұмыстары толығымен аяқталды. Жол белгілерін орнату және жолақтар сызу жұмыстары жүргізілетін болады.

ПМК-09 көшесінің ағымдағы жөндеу жұмыстары толығымен аяқталды. Сондай-ақ биыл ауылдық елді мекендердің ішкі 13 көшесіне күрделі және 3 көшеге орташа жөндеу жұмыстарына облыстық

толық аяқтауға 25,7 млн теңге жетпейді. Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына жетпейтін қаржыға бюджеттік өтім тапсырылды. М.Шәменов ауылындағы Бұқарбай батыр көшесін күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 54,1 млн теңге қаралды. Жалпы құны – 64,1 млн теңге. Жетпей тұрған 5,4 млн теңге аудандық бюджеттен қаралды. Жөндеу жұмыстары тамыз айында басталады. Мақпалкөл ауылының Т.Жүргенов көшесіне тас төсеу жұмыстары бүгінде толығымен аяқталды.

– Ауданда жүргізіліп жатқан жол құрылысының сапасы қай деңгейде?

– Жалпы, ауданда күрделі және орташа жөндеу жұмыстарының барысында салынып жатқан жолдардың сапасы жоғары деңгейде. Жол жөндеу жұмыстары бірінші кезекте өкімдік мамандарының, қоғамдық ұйымдардың жіті қадағалауында. Тісінше барлық нысандарда техникалық қадағалаушы мекемелер бар. Техникалық қадағалаушылар тарапынан орындалған әрбір жұмыс түріне зертханалық сынақтамалар жүргізіліп, сапасы тексеріледі.

– Дәуімбай елді мекенінен 200-ден аса жасөспірім кент орталығына түрлі үйірмелерге, спорттық секцияларға қатынап оқиды екен. Балалардың қауіпсіздігі бірінші орында екенін жақсы түсінген Асқарбек Темірбекұлы осы мәселені дереу шешкенін білеміз. Яғни теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілерге арналып аспалы көпір құрылысы жүріп жатыр. Ол ел іргілігіне қашан беріледі?

– Кенттегі теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілерге арналған аспалы көпір құрылысына облыстық бюджеттен 184,8 млн теңге қаржы қаралған болатын. ЖСҚ 2020 жылы өзінше. Алайда құрылыс материалдарының бағасы бірнеше есе өсуіне байланысты, мердігер мекеме жобалау-сметалық



бюджеттен 1 млрд 643,8 млн теңге, аудандық бюджеттен 24,8 млн теңге бөлінді. Нақтырақ айтсақ, Бұқарбай батыр ауылының А.Құнанбаев, А.Төлеубаев, Бұқарбай батыр көшелерін орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жалпы құны – 184 млн теңге, ұзындығы 5 шақырымды құрайды. Қазіргі таңда асфальт тәсеу жұмыстары толығымен аяқталды. Жолақтар сызу және жол белгілерін орнату жұмыстары жүргізілетін болады.

Аққұм ауылындағы 1,1 шақырымдық Аққұм көшесін күрделі жөндеу жұмыстары жүреді. Жалпы, жоба құны – 81,3 млн теңге. Облыстық бюджеттен бөлінгені – 55,5 млн теңге. Мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілуде. Жобаны

құжаттарға түзетулер енгізуді талап етіп, жобалау-сметалық құжаттарға түзетулер енгізу жобасы әзірленіп, сараптамадан оң қорытынды алынды. Сараптамадан кейінгі жоба құны 328,7 млн теңгені құрады. Жетпейтін 143,8 млн теңгені қаржыландыру үшін облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтім тапсырылды. Қазіргі таңда опаралар орнату және бетон құю жұмыстары жүргізілуде. Мердігер мекеме – «Гулнур МК» ЖШС, келісім-шарт құны – 175,8 млн теңге. Шілдеге дейін игерілгені – 129,9 млн теңге.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Жандос ЖАЗКЕН

Аққыр ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Аққыр ауылы	Матаев Жаңабек Ұлықбекұлы	Аққыр ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі 15.00-ден 19.00-ге дейін	Аққыр ауылы, Б.Ақмырзаев көшесі №40	8(724-31)41-4-44



Т.Жүргенов – 125 жыл

Қайраткер жайлы жерлестерінің естелігі

2023 ЖЫЛ ТҮРКІ ӘЛЕМІНДЕ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ ЖЫЛЫ БОЛЫП ЖАРИЯЛАНДЫ. ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ҚАЗАҚТЫҢ МӘДЕНИЕТ, ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР САЛАСЫНА АЙТАРЛЫҚТАЙ ҮЛЕС ҚОСҚАН ТҰЛҒАНЫҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫ БАУЫРЛАС ЕЛДЕРДЕ КЕҢ КӨЛЕМДЕ ТОЙЛАНЫП ЖАТЫР. ОСЫ РЕТТЕ ҚИЫН-ҚЫСТАУ ШАҚТАҒЫ ӨСБЕГІМЕН, ЕРЛІГІМЕН БАУЫРЛАС ЕЛДЕРДІҢ НАЗАРЫН АУДАРҒАН ТҰЛҒАНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫН ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ЕҢБИЕТ ЕТУГЕ ТИСПІЗ ДЕП ОЙЛАЙМЫН.

Осыдан 5 жыл бұрын Қазақстанның білім мен мәдениетінің, экономикасының өрлеуіне өлшеусіз үлес қосқан Т.Жүргеновтың туғанына 120 жылдық мерейтойы елімізде кең көлемде аталып өтті. Бұл мерейтой өзінің кіндік қаны тамған Сыр бойының Жалағаш ауданында ерекше үлкен дайындықпен «Алтын күз» мерекесінің аясында тойланды. Аудан орталығында ұлы тұлғаларды ұлықтайтын «Тағзым» алаңы ашылып, онда «Темір наркомның» мрамордан мүсіні қойылып, халқымен қайта қауышты.

Мерейтойға еліміздің түкпір-түкпірінен келген арнайы қонақтар, өнер, білім, мәдениет, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, аудан жұртшылығы қатысты. Түрлі мәдени, спорттық шаралар өткізілді. Біз соның куәсі болдық.

Дуалы ауыз азаматтардың айтуынша, бұл осыдан бірнеше жыл бұрын өткен Бұқарбай батырдың 200 жылдық мерейтойынан кейінгі мағналы да мазмұнды той болған. Атам қазақ айтқандай, «Елдің атын ер шығарады, ердің атын ел шығарады» деген осы екен-ау деген ойда қалдық.

Еліміз егемендік алғаннан кейін тарихымыздағы ақтандардың беті ашылып, қуғын-сүргін жылдарындағы алаштың артыстары халқына қайта қауышты. Оларға жабылған жазықсыз жаланың негізсіз, қасақана жасалғаны жайлы, ақиқат-шындықтарын ақтау жайлы еңбектер жазылып, естелік кітаптар жарық көрді. Осы тұрғыда ерлігі айтағанда, Темірбектің қалам тартып жүрген жерлері марқұм, тарихшы, журналист, жазушы Ахмет Тілеулиев Темірбектің әкесі Қара және оның туыстары жайлы өзінің «Қарақұм» кітабында көптеген мәліметтерді берген болатын.

Жазушы, этнограф, ғалым Тынышбек Дайрабай, мәдениеттік журналист Болатбек Нұржанов, «Т.Жүргенов» қорының төрағасы Сәпен Аңсап, еліміздің белгілі ақыны, журналист, жазушы Махмұтбай Әміреұлы және осы жолдардың авторы, тағы басқалар түрлі ақпарат беттерінде Темірбек жайлы көлемді мақалалар жарияласа, жас ғалым Бауыржан Иманғалиевтың «Темірбек Жүргенов» атты монографиялық еңбегі жарық көрді.

Бұл – заңды құбылыс. Себебі Темірбектің өмірі, балалық және жастық шағы т.б деректерді туған жерінің жұрты жақсы білетіндігіне күмән келтіруге болмайды. Өткен ғасырдың 50-60 жылдары аудан мектептерінде Темірбек Жүргеновтың інісі, Қараның баласы Қожаннан туған Қайназар деген ағай біздерге қазақ тілі мен

әдебиетінен сабақ берді. ҚАЗГУ-ды бітірген білімді ұстаз еді. Ол кездері біз әңгіме қозғап отырған тақырып жабық болатын. Темірбектің бауыры болғандықтан сол заманның салқыны Қиназар ағайға да соғып өткен болуы керек. Ол кісі көп сөйлемейтін. Мінезі тұйық, тек қана өзінің жұмысын білетін кісі еді. Сол кісіден «жылымықтың лебі» ескеннен кейін Т.Жүргенов жайлы алғашқы мағлұмат естіген едік.

Ол кездері мектеп оқушылары оқу жылының алғашқы екі айында колхоздың егін жинау науқанына, күршіс орағына қатысатын. Жыл сайын бізді осы жұмысқа Қайназар ағай басқарып, алып баратын. Біз сияқты тәуір оқитын, жазу-сызуға үйір оқушыларды Қайназар ағай өзіне жақын тартатын. Кейде ағай бізді өзмісініп, өмір жолынан да әңгіме айтатын. Ауылда бұйыға өскен біздер сол кісіден «халық жауы» деген жала, жалған қорқынышты сөздердің мағынасын естіген едік.

1958 жылы №31 мектептің жоғары сынып оқушылары қазіргі Мақпалкөл ауылының бұрынғы Ленин атындағы колхоздың күршіс орағына бардық. Жетекшіміз – Қайназар ағай. Қыркүйектің орта кезі болатын. Күнделікті мөлшерде межемізді орындап, ағайдың жанына бардық. Ағайдың көуілі бұзылып, жабырқаулы отыр екен. Ол кездері оқушылар ұстазды «пір» тұтатын еді.

Біз ынғайсыз жағдайда қалдық. Ағай бізге «отырыңдар» деп ишарат білдірді. Біз ағайдың қасына жайғастық. Қайназар ағайдың сондағы айтқаны: – Менің туып өскен, балалық шағым өткен осы жер. Анау төбе – біздің атамның Қараның қыстауы. 1937 жылы Алматыда үлкен қызметте болған Темірбек ағам ұсталып, «халық жауы» деген жаламен атылып кетті. Біздің әулет қуғын-сүргінге түсті, – дегенде, біз бұл сөздің себеп салдарын білмей, бойымызды қорқыныш билей бастады.

Ағай бұл ұғымды түсінбей отырған бізге, түсінікті тілмен «бізді бай деп құдалады» деп қысқаша түсінік жасады. Темірбек аға атылып, жөңгіміз ұсталып кеткеннен кейін Темірбектің жанашыр азаматтары ағайның есі кіріп қалған баласын ауылға біздің қолымызға жеткізіп берді. Анау төбе – біздің қыстаудың орны. Басқа ортада орысша оқып тәрбиеленген баланың қазақ ортада өмір сүруі қиын да қайғылы болды. Бала таңертең ерте тұрып, келген жағы шығысқа қарап, папа, мама деп еңіреп жылайды. Біздің аза бойымыз тітіркенеді. Ол ауылда қазақ мектебіне де барып жүрді. Кейін жоғары жақтан бір кісілер

келіп, баланы алып кеткені есімде, – деп ағай да көзіне жас алған еді. «Кейін ҚАЗГУ-ге оқуға түстім. Дәмеш жөңгіменің үйіне де жатып оқыдым» деп ішіндегі шерін тарқатқандай болды.

Біз ол кезде жас едік. Ағайның Темірбек жайлы және өз өмірінен деректерді не мақсатта айтып отырғанын түсінбеген едік. Кейін ойлап қарасақ, Темірбек сияқты тұлғалар мен ұстазымыз өзінің өмірдерінен сендер де хабардар болыңдар дегені екен ғой.

Тақырып Т.Жүргенов жайлы болғандықтан ол кісімен ХХ ғасырдың басында аймақтағы бірден-бір оқу орны болған Аламеңкегі екіжылдық орыс түзем мектебінен білім алып, бірге оқыған Темірбектің замандасы сол бір зұлмат заманда Қара әулетіне және олардың туыстары басын бәйгеге тігіп, қол ұшын беріп, сол үшін де «Т.Жүргеновтың құйрышы» атанып, Т.Жүргеновтен соң «халық жауы» атанып, жиырма жыл Сібірге айдалған Жазасын өтеп он сегіз жыл Сібірдің қақпаған аязында ағаш кесіп, азапты жылдарды баынан өткізген. 1956 жылы елге оралып, бұрынғы қызметі қалпына келтіріліп, Тереңөзек, Жалағаш аудандарының құрметті ақсақалы болып өмірден өткен Сейіткерей Усабаев әкеміздің Темірбек Жүргенов жайлы айтқан естелігі еріксіз есіме түсті.

1984 жылдың маусым айы болатын. Ол кезде мен Аққұм кеңшары партия комитетінің хатшысы болуынмын. Жаздың жадыраған бір күні сәсетке таман кеңшар директоры Сейітнәби Мұқашев: – Реке, бүгін ауылға Сейіткерей Усабаев екең қасында екі үш ақсақалы бар осында шақырылған тойға келе жатыр. Жұмысың қауырт болмаса, сол кісілерді күтіп алып, бірге болайық, – деді.

– Сен ол кісіні білесің бе? Өмірінен хабардарсың ба, – деп мені сынағандай сұрап бастады.

Мен де «білемін» деп жауап қайтардым.

Сейіткерей әкемді алғашқы көргенімде еске түсірдім. 1956 жылдың жазында болатын. Ол кезде біздің қазіргі Бұқарбай батырдан оралған бір топ бала суға түсіп жатыр едік. Ішіміздегі ересек бір бала: – Бүгін ауылға ұзақ жылдарға сотталып кеткен бір әкеміз түрмеден босап, елге сөлге берімін деп келе жатыр, – деді.

Оның сөзіне онша мән бермей үйге келсем, күн шықпай колхоздың жұмысына кететін әкем құтты тойға баратындай барын киіп, бір жаққа жүретіндей дайындалып жатыр екен. Менің өзіме оқыс таңқалғанымды сезіп: – Түрмеден

босап, ағайыңа сәлем беруге «халық жауы» атанып сотталған Сейіткерей екең келе жатыр. Сол кісіні паромнан күтіп аламыз. Дүйсенбай екеңнің үйінде қонақ болады, – деді.

Бұл әкеміз көзінде колхоздың төрағасы, ферма меңгерушісі т.б да ат үстінде жүріп қызмет атқарған әкеміз туған ағасы болатын. Сонымен үлкен кісілердің соңына еріп, паромға бардық. Аргы беттегі бір топ аттылы-жауылы кісі паромға мініп, бергі жағға өтті. Ішінде ұзын бойлы, ат жақты, алпысқа таяп қалған ақ кителі, ақ шапбарлы, ақ қалпақты сұлу кісі басқалардан өзгеше болып, ағайындармен құшақтасып, амандасып жатты. Қарсыдан елдің құрметті ағалары Бекжаң, Сұдан, Сейтөз, Шонбай, Абыт т.б бар. Содан Сәкенді алғаш көрген болатыным. Кейін Сейіткерей әкеміз ауылдағы той-томалақ, өлім-жітімге келіп жүргенде бірге болғаным бар.

Біз қонақтарды күтіп алып, шақырған үйде бірге бардық. Дайындалған үйде Сейіткереймен бірге Тайман қари, Мұстапов Исахан т.б төрт-бес кісі болды. Отырыс көңілді басталып, билікті Сәкен Мұқашев ағамыз өз қолына алып, түрлі тақырыптардан әңгіме қозғарды. Сөйтіпбет аға өзі тарихшы және әңгімешіл болғандықтан әңгіменің төркіні Сейіткерейдің өмір жолы, сол жақты өмірінен деректерді білуіне бағытталған сұрақтар қойылып отырды.

Ол кісі маған қолпаштау мен мақтануды сүйе бермейтін, сөзге сараң, аз сөйлеп, сұраққа нақты жауап беретін тұйық мінезді, сабырлы адам болып көрінді. Ол жақтағы өмірі жабық күйде қалатынын ескертті. Мен «оған бұл ұстамдылық пен қасиетті өмірдің өзі үйреткен-ау» деген ойда болдым. Кеңет Сейітнәби аға: – Сейіткерей аға, жас кездеріңде өңірде екі адамның қолы жете бермейтін ескіше де, жанаша да мектептерде оқып, білім алып, жауапты қызмет атқардыңыздар. Білуімізше, сіз 1934-1935 жылдары Алматыдағы марксизм-ленинизм курсына оқып жүргеніңізде Т.Жүргенов пен сыйластықта болысыз. Ол кісі ұсталып кеткенде де Бірғыз ауданындағы Қараның әулеттері мен туыстарын елге, Сырға қашыруға жолбасшы дайындап, көмек беріпсіз. Ол туралы сол кісілердің ағайындары жақсы біледі. Сол жақты өзіннен естісек, – деп сұрақты төзетінін қойды.

Мұндай сұрақты күтпеген Сейіткерей ақсақал өлі де бұл тақырыптың жабық екенін ескерткендей, бойын тіктеп алып, «біліп отырсаң, нәсіне сұрайсың» деген



дей сыңай танытты.

– «Сұрағыңа жауап» дегендей, ол кездері өзің айтып отырған оқуды ауқатты отбасының балалары оқыды. Біздің әкелеріміз елге танымал адамдар болды. Ал біздің сыйластығымыз ол ұсталып, мен айдалып кеткенше жалғасып тұрды. Біз зобалаң заманның құрбаны болдық. Халқының жарық жұлдызындай болған Темірбекті нақақтан-нақақ «халық жауы» деп атса, елдегі мына Тайман қаридай «молдасың» деп құдалады. Мені сонау Бірғыз аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы қызметінде жүргенімде «халық жауы» Т.Жүргеновтың әулетін, туған-туыстарына көмек беріп, Бірғыздан Сырға қашырды, Жүргеновтың құйрышы» деп айыптап, жиырма жылға соттады. Сібірге айдады. Біздің ұрпақтың басынан не өтпеді десенші. Түз-дәм таусылмай елге оралды. Сол кезде атылып кетпей бүгін сіздердің орталарыңызда отырмын. Бұған тәубе деймін, жігіттер, – деді Сейіткерей ақсақал.

Т.Жүргеновпен Аламеңкеге бірге оқыған, саналы ғұмырын сыйластықпен өткізген Сейіткерей Усабаев кім еді? Ол қазіргі Жалағаш, бұрынғы Тереңөзек аудандарының шығыс бөлігіндегі елді мекендерді қамтыған Байзақ болысының комсомол кейін болыстық атқару комитетінің жауапты хатшысы, Ақмешіт уездік комитетінің хатшысы, Қызылорда, Қармақшы, Шәуілдір, Бірғыз аудандарының атқару комитетінің төрағасы, аудандық, облыстық сайланбалы орындарға депутат, мемлекеттік қоғамдық жұмыстарды белсенді атқарған осы ауданның тумасы болған азамат.

Тағы бір Жүргеновпен кездескен жерлесіміз, Темірбектің шапағатын көрген кісілердің бірі, ауданымыздың белгілі азаматы, марқұм, еңбек, соғыс ардагері Байтөреев Мәдібай Баймаханұлы болатын. Өзінің естелігінде Мөкең былай деп еске алды.

– Отызыншы жылдардың екінші жартысында мектепті ойдағыдай бітіріп, Алматыдағы ҚАЗГУ-дың «Физика-математика» факультетіне оқуға түстім. Бұл кезде елде қуғын-сүргіннің аласапыраны басталып, ұлтымыздың зиялы қауым өкілдерінің басына қара бұлт үйіріліп жатқан кез болатын. Менің де артыман атасы болыс болған деген арыз түсіп, оқудан шығарылдым. Сол кездері Темірбек Жүргенов Мәдениет және ағарту саласының халық комиссары еді. Комиссариаттың ғимараты университеттің жанында болатын. Біз ол кісіні жиі көріп тұратын едік. Енді неде болса сол кісінің алдына баруға бел будым. Комиссариаттың хатшылығына тізіліп, қабылдауында болдым. Темірбек мені жақсы қабылдады. Өзімің қай жақтан не үшін оқудан шығарылғанымды баяндап бердім. Ол кісі сабырмен, зер салып, мұқият тындап отырды.

Оқу еліміз үшін бүгінгі заманның ғылымы мен ағарту саласына қажетті мамандық екен. «Сен қазіргі қоғамда болып жатқан ағымдардан аулақ болып, оқуыңды университетте жаныңды жаңадан ашылған педагогикалық жұмысшы жастар беріліміне ауысып, сонда жалғастыр. Мүмкін тегінде өзгертерсің» деп ағалық кеңес берді. Мен солай жасадым, – деді Мөкең.

Жоғарыда баяндалған жайттар – Темірбек туралы екі-үш жерлесінің естелігі. Ал халқының жарық жұлдызындай болып дүниеден өткен Темірбек туралы әлі де бізге жетпеген өмірдерінен зерттеп, оны оқырмандарға хабардар ету жерлестері, біздің іс болуы керек.

Рысбай КӨРІМОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
Жалағаш ауданының
құрметті азаматы



«Текіден текті туар» дегендей, ауданның дамуына саналы ғұмырын сарп етіп, артынан өрген балалары да еке жолын қуып елдің ертеңіне еңбек етіп жатқан отбасылар Жалағашта жерлік. Мұндай азаматтардың әрбір ісі кейінгі буынға үлгі-өнеге болары анық. Мақаламыз көрші Аққошқар ауылының тұрғыны Қаппар Ысқақов туралы болмақ. Оның ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына еткен еңбегіне тоқталмай тұрып, өмір жолына терең үңілгенді жөн деп білдім.

деген сеніммен бұл қызметті кейіпкерімізге тапсырады. Міне, оның қызметте сатылап өсуіне істеген жұмыста қажырлығы мен қайсарлығы, іскер басшы бола білгені сеп болса керек. Сол тұста Аққырдың малы талан-тараға түскен болатын. Екі-үш жылдың ішінде ол түгендеп, көптеген қылмыстың бетін ашып, ретке келтірді. Сол совхоздың адамы, халқының тыныс-тіршілігі тәуелді төрт түлігін көбейтуге бар күшін сарп етті. Бір сөзбен айтқанда, ауылда мал шаруашылығын дамытуға бар жағдайды жасады.

Менімен ем алуда бірге болған жасы-көрісі бар аққырлықтар Қаппар туралы тек осындай ерлікке толы еңбегін айтып отыратын. Бірде мынадай бір оқиға болды. Қаппар демалыс алып сыртқа кеткенде артынан хабар жетеді, «Ойбай жеріміздің 42 мың гектарын баса көкпек Қармақшы ауданының Қалғандария совхозының директоры өл бермей механизмдерін орып жатыр, енді қайтпекпіз?» деген хабар жеткен бойда Қаппар демалысты жинап қойып Аққырға келсе, айтқанындай бәрі рас екен, директорына барса, бет қаратпайды. «Біздің рұқсатымыз бар» деген сылтау айтып шығарып салады.

Сол кездегі аудан әкімі Қонысбек Қазантаевқа барса, «Мен сенің Аққырдың 42 мың гектар жайылым шөбі үшін өкім емеспін» деп жүре жауап береді. Содан айдап отырып обкомның бірінші хатшысы Исатай Әбдікәрімов жолдасқа кіріп, барлық жағдайды айтып, Қазантаевтың жүрдім-бардым жауабын да айтады. Исекең «ол сон-

дай адам ғой» деп дереу бюро мүшелерін шақырып, жиналысқа қатысқан кісілердің шешімімен жерді қайтарып алғанда аққырлық қариялар көзіне жас алыпты.

Ауылдың үлкендері әлі күнге дейін сол оқиғаны жыр қылып айтады. Осындай қайсарлығымен, тапқырлығымен халық үшін қызмет еткен Қаппарды Ш.А есімді журналистіміз қаншама кітапқа жұртты жазғанда, Қаппар Ысқақов туралы ләм деп ауызын ашапшаң шамасы ұмытып кеткен-ау.

Кейін жаңадан келген әкім Сұлтан Аманов бұл іске қатысты бәрін де жазадан босатты. Қаншама директорды жазғырып жазаға тартып жатқанда, Қаппар дінаман ауылына келіп, бөлімше басқарды. Одан кейін завферма болып қызмет атқарды. Көп ұзамай егемендік алғаннан кейін кәсіппен айналысты. Бұл тәуелсіздіктің басы, яғни тоқырау жылдар болатын. Әркім қалаған жағына қарай тіршілік ете бастады. Қаппар бұл кезде көргенділігімен бес-он отбасымен бірігіп күрші етіп, табысқа жете бастады. Гидротехник баласы Шайзатты кәсіпкерлікке баулады. Соның арқасында әуелі шағын төлпен шыққан Шайзат бірте-бірте жер көлемін адам санын көбейтіп, егін көлемін де ұлғайтып, күтпеген табысқа жете бастады. Әкесі Қаппар бұл кезде бала жанында ақылшы болып көмегін аямады.

Екі-үш жылдың ішінде бытырап жүрген ауыл азаматтары Шайзатқа өздері келіп жерлерін беріп, жұмыс істей бастады. Оларға айрықша құрмет жасап, егін жиналғаннан кейін марапатпен мадақтап, еңбектері жоғары бағалап, ақшалай,

заттай сыйлықтар табыстады.

Міне, «алмас кездік қап түбінде жатпаса» дегендей, Шайзат еке көрген адал еңбекті өзіне серік етіп, іскер басшы бола білді. Ол халықтың әлеуметтік жағдайына өте қатты қарап, ауылдағы бірнеше отбасына баспана салып берді. Ауыл еңбеккерлеріне жаңа автокөліктер беріп, көшені асфальттауға да көңіл бөлді. Қазір аудандағы шаруа қожалықтардың алдығы сатысында тұр. Әлі де ауылды көркейте берері анық.

Шайзаттың алға қойған мақсаттары көп, соның іші – менің ойымша, туған жерін аймақта өңселі ауылдар сапына қосу. Ол ауылын сол деңгейге жеткізді де.

Қаппар Ысқақовтың жеті баласы бар, бәрі де жоғары білімді, жары Кеңескүл – Сұлөймен Қажы көлпекнің қызы, болжамшыл, көріпкелді қасиеті бар. Қаппардың бүгінгідей пакуатты өмір сүріп жатқанында әуелі Құдай, содан кейін Кеңескүлдің еңбегі бар.

«Алма ағашынан алпысқа түспейді» деген қазаққа керемет сөз бар. Расында солай екенін Еңбектегі Ысқақовтар отбасының бүгінгі тынысы куаттайды. Отбасының тірегі адал еңбекпен өңсе тікелп, балаларына да осы жолды өсиет етті. Ал еке жолымен келе жатқан Шайзат та бүгінде көргеннен жаңылмай туған жерін түлетіп, елді мекеннің өңесінен түктеуде үлкен жобаларды қолға алуда. Мұндай игі істен кейінгі буын үлгі алып, ауылдың әлі де өрісі кеңейетініне сенім мол.

Мұқан МҰРАТБАЙ,
Аламеңке ауылдық
өкргінің ардагері

Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады

Қаппар Ысқақов 1937 жылы Еңбек ауылында Ысқақ Нәлібаевтың отбасында дүниеге келеді. Шешесі тама Өмірбай шешеннің шөбересі Ақбаршын есімді ажарлы келіншек болатын. Әкесі Ысқақ Нәлібаев бірнеше рет майда колхоздың төрағасы болып жұмыс істеп, халықты еңбекке ұйыстырды.

Оқуға зерек Қаппар оныншы сыныпты бітіріп, ауылға келіп ұста болып жұмыс істейді. Өзіне берілген автокөлік жоқ, жұмыс арасында алқа-салқа болып қалған машинаны қолдан жинап, от алдырып қатарға қосып, колхоз тірлігіне араласып, шопыр болып жұмыс істеп кетті. Техника тілін жетік меңгерген ол кейін Еңбек ауылында

механизатор болып жұмыс істеді. Арада үш-төрт жыл өткен соң Ақарыққа көліжай басышы болып жоғарылады, бір-екі жылдай істеген соң Жанадәрия совхозына бас инженер болып тағайындалды. Бұл жерде екі-үш жылдай істеген соң аудан әкімі Аққыр колхозына директоры етіп тағайындалып, бүгін бір ауылдың екінші тынысын ашады

Гауһартас немесе Сәжида Ахметова кім?

МАҚАЛАМЫЗДЫ БЕЛГІЛІ ЖАЗУШЫ ДУЛАТ ИСАБЕКОВТИҢ СЦЕНАРИ БОЙЫНША ЖАЗЫЛҒАН «ГАУҒАРТАС» КИНОФИЛЬМІНЕН БАСТАУДЫ ЖӨН КӨРДІК. 1975 ЖЫЛЫ КИНОРЕЖИССЕР ШӘРІП БИСЕНБАЕВТЫҢ ТҮСІРГЕН ОСЫ КИНОФИЛЬМІ АРАДА 48 ЖЫЛ ӨТСЕ ДЕ ӘЛІ ЭКРАННАН ТҮСКЕН ЖОҚ. ҚАЗАҚ КИНОМАТОГРАФИЯСЫНДАҒЫ СӘТТІ ШЫҚқан БҰЛ КӨРКЕМ ТУЫНДЫ ҚАНША КӨРСЕН ДЕ ЖАЛЫҚТЫРМАЙДЫ. ОНЫҢ БАСТЫ СЕБЕПТЕРІНІҢ БІРІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҮЛГІ ЕТУІ. АЛ ФИЛЬМНІҢ ЛЕЙМОТИВІ – «ГАУҒАРТАС» ӘНІ.



де малып алғасын Қайрекен осы қалада туған бөлесі тұратынын айтып, «сәлем беріп қайтайық» деді. Күн жексенбі еді. Бардық, үй иелері жыл қарсы алды. Қайрекен мені таныстырды. Үй иесі: – Мен полковник Қайназаров Елеусін деген аға боламын. Ішкі істер министрлігінде қызмет етемін. Мына кісі жеңген, Сәжида Ахметова, Қыздар педагогикалық институтында оқушысы, – деді шай құйып отырған сүйкімді келіншегі нұсқап.

лахат Еспаевтың, Нұрғиса Тілендиевтің, Шәмші Қалдаяқовтың, Әсет Бейсейітовтың, Мыңжасар Маңғытаевтың, Бақытжан Байқадамовтың, Дүңгөптегі Ботбаевтың әндерін және көптеген халық әндерін қазақ радиосынан келістіре шырқапты (Теледидар дегеніміз жоқ көз ғой).

Қонақжай әрі кең пейілді Елеусін аға мен жібектей жұмсақ мінезді, сыпайы Сәжида жеңгенің отбасында өңгімемен біраз отырдық. Сәл өртеректе Елеусін

жоғарыда атап кеткендей, ұлттық және отбасылық құндылықтарында екені даусыз. Екіншіден, сценарийдің келісті жазылғандығына. Үшіншіден, фильмнің сулу табиғаттың аясында түсірілгені деп айтар едік.

Сол жылы қуаныштық болып, кинофильм түсірілетін жер біраз іздертіледі. Ақырында Талдықорған облысының Ақсу ауылы маңындағы «Баласан» деген жерге тоқтайды. Шыңдығында бұл жер керемет табиғат орны екен. Қарап көрсеніз, өркеш-өркеш тау жоталары, теп-тегіс су айдындары, орман-тоғай, сай бойын қуалап өскен қызылді-жасылды гүлдер өзара гармониялық үйлесім тауып, жапандағы жалғыз қойшы үйін көмкеріп тұр. Төртіншіден, фильмнің ажары – «Гауһартас» әні. Ал әннің орындаушысы – Бибігүл де, Жанна да емес, Сәжида Ахметова.

Бесіншіден, кинофильмде қазақ өнерінің тарландары Қаукең Кенжетайев, Әмина Әміразақова, Әнуар Боранбаев, Досхан Жолжақсынов ойнаған.

Мақала соңында Сәжида Ахметованың өмір дерегінен аздап-кем мағлұмат бере кетейік. Сәжида Ахметова 1938 жылы туған. Әншілік өнер анасынан дарыған сыңайлы. Анасы татар ұлынан екен. Қазанның, Петропавлдың сахналарында ән салыпты. Сәжиданы кішкентайынан өнерге баулыған. Сәжиданың зеректігі, өстігеннен бірден қағып ала қоятын құйма-құлқаттың анасына тартса керек. Әншінің өзі де мұны жоққа шығармайды. Сөзімталдық, өнге деген құштарлық, қайталанба бермейтін табиғи дарын, нота сауаты болмаса да композиторлар жетінен өнді лезде үйреніп, оларды қазақ радиосына уақытылы жаздырып отыраған.

Қыздар педагогикалық институтын үздік бітірген Сәжида Ахметованың ректорат өздеріне оқытушылық қызметке алып қалады. Бұл 1961 жылы болса керек. Осы оқу орнында ұстаздық ете жүріп, кандидаттық диссертация қорғаған Доцент атағын алған. Ән өркісі Сәжиданың орындаушыдағы қазақтың халық әндері «Ахау керем», «Әйкен-ай», «Елигай» Шәмшінің «Ақмаңдайлымы», «Қайықта», Әбілхат Еспаевтың «Сайра, сайра сандуғашым», Өмірбек Байділдаевтың «Туған ел» тағы басқа көптеген әндері жүректі баурайды...

Сәжида жеңгей өмірлік жолдасы Елеусін аға екеуі үш қыз тәрбиелеп өсіреді. Сәжида Ахметова қазақ радиосындағы әншілік және радиодық қорландарды шебер дыбыстағаны үшін КСРО Мәдениет министрлігінің «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. 1993 жылы құрметті еңбек демалысына шыққан. Институттағы оқытушылық қызметін жалғастыра беруге де болады екен, алайда нәмерелерінің тәрбиесімен айналысуды жөн көреді...

Олар жоғары білім алып, өмірден өз орындарын тапты. Еңбектері қайтып, нәмерелері шетінен өңерлі болған. Дүниеге шеберлер келген. Атам қазақтан «Екі жақсы бас қосса, бірін-бірі қимайды» деген асыл сөз қалған. Ама бар ма, мәңгілік өмір жоқ ғой, Елеусін Қайназаров ағамыз 2004 жылы, ал Сәжида жеңгей бертінде, 2019 жылы дүние салған. Сондарында ізгі жол қалды.

**Төмірбек ЕСЖАНОВ,
ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

Иә, ән бұдан екі ғасыр бұрын өмір сүрген қайталанбас өнер иесі Сегізсерінікі. Сегізсері жайлы және аталған әннің тарихы туралы «Сыр бойы» газетінің 2023 жылдың 7 қаңтар күнгі санында жарияланған «Гауһартас» атты мақалада кеңірек тоқталғанмын. Сондықтан кіріспені ұзартпай-ақ қояйын.

...Жазушы Дулат Исабеков 1966 жылы ҚАЗМУ-ды бітіргенін (Сол жылдары аталған жоғары оқу орнында әскери кафедра болмаған) желтоқсан айында әскер қатарына алынып, ерекше объектіні күзететін Мәскеу түбіндегі Кубинка деген станса төңірегінде орналасқан ерекше батальонға келеді.

«Орыс орманының іші, мойнымызда автомат, биік мұнараның үстінде кезектесіп қарауылда тұрамыз. Бір күні ерте азаңда алдымдағы қыстақтан таныс ән естілді. «Маяк» радиотолқынынан алакеуімдегі жым-жырт тыныштықты бұзып, Бибігүл Төлегенова апамыз «Гауһартасты» шырқап жатты. Ап-анық естіліп тұр. Бұрында да «Гауһартасты» сүйсініп тыңдаушы едім, ал туған елден шалғайда тыңдаған сәтте сағыныш жүректі елжіретіп, көзімнен жас шығып кетті. Бірдеңе жазу керек болды. Әнші туралы ма, әлде ән туралы ма? Ақыры, ән туралы жазуға тоқталдым. Ротада қазақ жігіттері көп еді, күнде кешкілік жиналып маған келді. Менің бірнәрсені жазып жүргенімді біліп, «оқыңызшы» деп қасымаңа шықпайды. Өтініштерін орындаймын. Не керек, күнде жазғанымды соларға күнде оқып, тыңдататын болдым. Тыңдаушыларым «Енді не болар екен?» деп әр кешті асыға күттеді. Сөйтіп екі айда повесті жазып бітірдім. Әдепкіде «Дала еркегі» деген едім, кейін повесті «Гауһартас» деп өзгерттім» деп еске алады Дулат ағамыз.

Әскерден оралған соң повесін машинаға басып, «Жұлдыз» журналына апарып береді. Бас редактор Сырбай Мәуленовтің риза болғандығын шығар: –Мына жігітпен мені таныстырыңдаршы, – депті.

Повесть журналға басылып шығып, оқырман қауымының қызығушылығын тудырған. Небары 24 жастағы жас жігіттің бұл повесін белгілі жазушылар мен өнер иелері жоғары бағалайды. Ақыры повесть бойынша киносценарий жазу тапсырылады. Сол кезеңде кино шығару оңай болмаған. Сценарий жарай ма, жараймай ма, соңғы нүктені Мәскеу қояды екен. Сәті болғанда КСРО орталық комитетінің «Қазақстанда қой санын 50 миллионға жеткізу керек» деп ұрандатып жатқан тұсына сәйкес келіп, шопандар өмірінен алынған «Гауһартас» жарап кетті...

Повесті киносценарияға айналдырып жазу оңайырақ соқпаған. Сценарий дайын болған соң «Қазақфильм» басшылары режиссер таңдайды. «Қазақфильмнің» директоры Камал Смайылов екен. Әкім Тарази екеуі ақылдасқанын тандау Шәріп Бисенбаевқа түседі. Әдепкіде Дулат Исабековке қазақ тілін нашар білетін Шәріп ұнай қоймайды. Десе де ол кісі іске бөкем кірседі. Басты кейіпкер Салтанаттың рөліне режиссер орта мектепті енді ғана бітіріп, жоғары оқу орнының бірінші курсына түсіп жатқан 17 жасар Жанна Қуанышеваны алады. Жанна Қуанышева – бүгінде Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Қазақфильм» киностудиясы кастинг бөлімінің меңгерушісі. 1975 жылдың қыркүйек айында түсіріле бастаған кинофильм қараша айында аяқталады. Енді мақаламыздың негізгі тақырыбына қарай ойысайық...

Ұмытпасам, 1979 жылдың жазында бір себептермен Алматы қаласына жол түсті. Жол бастаушымен Жалағаш ауданының Таң ауылындағы №118 орта мектеп директоры Қайырбергелен Әбдиев еді. «Қазақстан» қонақ үйіне орналасып,

Қайназаровтың Алматы қаласы ішкі істер басқармасының бастығы болып қызмет еткеннен де хабардар болдық. Өзі де ән сала білетін, өнерді сүйетін ағамыззайыбынқолдап, өнерінөртүйіне мүмкіндік жасаған. Бір-бірін жете түсіген. Ерлі-зайыптылардың достары арасында да сыйлы екенін сөздерінен аңғардық. Отырыстарда екеуі қосылып ән салатын көрінеді. Қатар құрбылары оларды «Ән қанатындағы махаббат» деп құрметтеген. Осы жерде Елеусін Қайназаровтың Сыр бойының азаматы екенін айта кету керек.

...Арада көп жылдар өткен. 2015 жылы «Гауһартас» кинофильмінің экранға шыққанына 40 жыл толғаны аталып өтеледі. Біз көрген бір телехабарға «Гауһартастың» авторы, жазушы Дулат Исабеков, Салтанат рөлін сомдаған Жанна Қуанышева, Салтанаттың қайыны Қайырбекді ойнаған Сапарғали Жөкешев және фильмдегі әндерді орындаған Сәжида Ахметова келді. Кинофильмнен кейін, яғни 1975 жылдан бері өртістер бір-бірін көріп, біліспеген екен. Жақсы жүздесті. Жүргізуші мен бағдарламаға қатысушылар Сәжида апапарының «Гауһартасты» орындап беруін өтінді. Сәжида мақұл көріп, әннің бір шумағы мен қайырмасын айтты.

– Баяғы дауысы, керемет, – деп қошеметтеді Дулат ағамыз.

Өзгелері ризашылықпен алақан соққан. Осы жүздесуде сценарий авторы Дулат Исабековке мынадай сұрақ қойылды: – Дулат аға, сіз повестегі Салтанат образын қалай таңдадыңыз? Жауап: – Салтанат – қазақтың қаракез қыздарының жиынтық образы. Салтанат – «Гауһартас» өнінің прото-типі. Бұлай дейтім өн мәнінің өзі:

Ажарың ашық екен атқан таңдай, Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай. Анаңнан сені тапқан айналайын, Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай, – деп қыз портретін беріп тұрған жоқ па, мен сол суретті көшіріп ала қойдым. Күні бүгінге дейін экраннан түспеген кинофильмнің өміршеңдігі біріншіден,

Футбол

ФУТБОЛДАН ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІНІҢ ОЙЫНДАРЫ ДА БАСТАЛДЫ. БҰЛ ЛИГАДА ОТАНДЫҚ ЖАЛҒЫЗ КЛУБ БАР. ӨТКЕН АПТАДА СӘРСЕНБІНІ СӘТТІ КҮНІ «АСТАНА» ӨЗ АЛАҢЫНДА ГРУЗИЯЛЫҚ «ДИНАМО ТБИЛИСИДІ» ҚАБЫЛДАДЫ.

Чемпиондар лигасы: «Астана» келесі кезеңде



Ә дегеннен шабуылды үдеткен «Астана» ойыншылары небары 11 минутта есеп ашып үлгерді. Қорғаушы Ян Вороговскийден алған допты шабуылшы Абғат Айымбетов қарсылас қақпасына тұлғатты.

Мұнан кейін алаң қожайындарының алғашқы тайм соңына дейін есепті еселеуге талпынғанын аңғару қиын емес. Алайда бұл мақсат жүзеге аспады, қос таймда да Лория сыр алдырмады.

Бірінші таймда есеп өзгеріссіз қалғандан кейін «Астана» ойыншыларынан келесі таймда гол күткенбіз. Алайда ойын өрнегі басқа арнада өрбіді. Керісінше қонақтар хорватиялық қақпашыдан айласын асырып, таразы басын теңестірді. Ойынның 57 минутында соғылған голдың авторы – небары 18 жастағы ойыншы Г.Сигур. Жетпісінші минуттан кейін бас бапкер Г.Бабаян алаңдағы аяқдоп шеберлерін тың ойыншылармен ауыстырумен болды. Алаң қожайындары жасаған оқтын-оқтын шабуылға қарап, «бір өзгеріс болады» деген үміт пайда болды. Алайда қонақтар қақпашысы сыр алдырмады.

Бейсенбі күні «Астана» Грузияға қонаққа барды. Бірінші ойынды соңына дейін тамашалаған жанкүйерлерде отандық клубтың жеңетініне күмән болмады. Алайда қарымта кездесудің алғашқы голын алаң қожайындары соқты. Ойынның 22 минутында гвинейлік легионер Усман Камаара әріптесі И.Улад Омар асырған допты «Астана» қақпасына тұлғатты.

Алғашқы таймда қос команда тең дәрежеде ойнады. Яғни шабуыл кезек-кезек ұйымдастырылды. Бірінші таймда сыр алдырған отандық клубтың келесі кезеңге өтуіне жанкүйерлерде күмән пайда болды. Бас бапкер Г.Бабаян үзлік кезінде шәкірттеріне қандай кеңес бергенін қайдам, әйтеуір екінші тайм басталысымен олар ес жинап үлгерді.

Ойынның 50 минутында легионер қорғаушы А.Аманович сол қапталдан қарсылас қақпасы маңына доп асырған. Оны тосып алған әріптесі Абзал Бейсебеков қақпада тұлғатып, таразы басын теңестірді.

Сырт алаңда бірінші ойын қайталанғып жатыр, Қазақстанда «Астана» алғашқы таймда алаң шықса, бұл жолы грузиялық клуб бірінші ойын есеп ашты. Әдеттегідей қонақтар таразы басын теңестіріп үлгерді. Әрі қарай қалай болады, ойын өрнегі қалай өрбиді? Жанкүйерлердің өз-өздеріне сан сауал қойып жатқаны сол еді, айтты ауыз жиғанша «Астана» қарсылас қақпасына тағы бір гол соқты.

Бұл жолы гамбиялық легионер Дарбо Дембо бір өзі ойқаптап барып, алаң қожайындарының қақпасына доп тоғытты. Осыған дейінгі гол 50 минутта соғылса, бұл гол 51 минутта тіркеліп отыр.

Мұнан кейін «Астана» ойыншылары уақыт өткізіп, қорғанысқа басымдық беретін шығар дедік. Жоқ, мүлде олай болған жоқ, керісінше отандық клуб шабуылды одан әрі үдетіп, тағы бір гол соғуды көздеді. Алайда есеп өзгеріссіз қалды. Осылайша «Астана» футболдан чемпиондар лигасының іріктеу ойындарының келесі кезеңіне жолдама алды.

Айта кетейік, «Астана» алаңда аптада өз алаңында «Динамо Загребті» қабылдайды. Хорватиялық командамен алғашқы ойында тең тарқасуға немесе бір гол айырмашылықпен ұтуға да болады. Алайда чемпиондар лигасының келесі кезеңіне «Динамо Загреб» өтетін сияқты. Алдын ала тосудан аулақпыз, бұл тек болжам ғана. Бізге де отандық клубтың чемпиондар лигасының келесі кезеңінде ойынын жалғастыра беруге керек.

Еуропаның лига конференциясында отандық тағы екі клуб бар. Оның бірі «Тобыл» іріктеу кезеңінің алғашқы кездесуін өткізді. Өз алаңында Финляндияның «Хонкасын» қабылдаған аяқ доп шеберлеріміз алғашқы таймда қонақжайлық танытты. Бірінші болып қонақтар есеп ашқанымен алаң қожайындары көп ұзамай таразы басын теңестіріп, тіпті негізгі уақыттың соңына дейін жеңісті қолдан жұлтып алды.

Шілденің аяғында «Тобыл» Швейцарияға қонаққа барады. Сырт алаңда отандық клубты алаң қожайындары айқын басымдықпен жеңуге тырысады. Себебі сырт алаңда ойын өрнегі басқа арнада өрбіп сала беретінін «Базель» ойыншылары жақсы біледі. Ал «Ордабасы» дәл сол күні өз алаңында «Легияны» қабылдайды. Қазір бұл клубтың польшалық команданы өз алаңында жеңіп, сырт алаңда қорғанысқа басымдық берсе де, келесі кезеңге дейін жолдан тайдыруға қауһары жетеді. Бастысы, алаңда қателікке бой алдырмаса болғаны.

Сөз басында айттық, біздікі болжам ғана, ал келесі кезеңге кім өтеді? Ол жағын уақыт көрсетеді.

Кенжетай БАЛҒАБАЙ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,

жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.